

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

Ирисметов Сирожиддин

**БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ РЕПРОДУКТИВТІК
ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МЕДИЦИНАЛЫҚ
КӨМЕКТІ ЖЕТІЛДІРУ**

**110200-қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша академиялық
магистр дәрежесін иеленуге арналған диссертациялық еңбек.**

Ғылыми жетекшісі: м.ғ.д., профессор Булешов М.А.

Түркістан- 2019

МАЗМҰНЫ

	Шартты қысқартулар мен белгілер	3
	Кіріспе	4
1	Балалық жастағы және жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығын қорғау мәселелері (әдеби шолу)	7
2	Зерттеу материалы мен әдістері	18
3	БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕПРОДУКТИВТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ЖЕТІЛДІРУ	20
	Қорытынды	47
	Тұжырым	58
	Тәжірибелік ұсыныстар	59
	Қолданылған әдебиеттер тізімі:	60

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

АЖП – андрология жүйе патологиялары

АЕҰ – амбулаторлық-емханалық ұйы

ӘГМ – әлеуметтік – гигиеналық мониторинг

СТ – скринингтік жүйе

ДДСҰ – дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

ОПО – облыстық перинаталдық орталық

РЖА – репродуктивтік жүйе аурулары

КІРІСПЕ

Мәселенің өзектілігі. Еліміздің ата заңында әрбір азаматтың өз денсаулығын қорғауға құқығы бар екендігі баса көрсетілген. Дәл осы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 1948 жылдың 10 желтоқсанында өткен 3 сессиясында қабылдаған адамдардың құқығын қорғау туралы декларациясымен тікелей байланысты. Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» - Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» деп аталатын Республика халқына жолдауында төртінші ұзақ мерзімдік басымдылық ретінде Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен тұрмыс-тіршілігін арттыру мәселесі қойылған. Мектеп жасындағы қыздардың денсаулығын сақтау мәселелері мемлекет пен денсаулық сақтау ұйымдары және бүкіл қоғам үшін ең басым бағыттар қатарына жатқызылды. Олардың денсаулығына мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлықтың тереңдігін 2010-2015 жылдар аралығында ел тұрғындарының денсаулығын нығайтуға арналған Ұлттық «Саламатты Қазақстан» бағдарламасының орындалу сапасынан айқын көрінеді. Осы бағдарламаларда жастардың денсаулығын қорғау және демографиялық ахуалды одан ары жақсарту мәселесі мемлекеттің ең маңызды әлеуметтік міндеті деп жариялаған [1,2].

Республика халқының демографиялық жағдайына тұрғындардың репродуктивтік денсаулығы тікелей әсер ететіндігі белгілі. Жер бетін жайлаған әлеуметтік-экономикалық тоқырау жағдайында Республика халқының репродуктивтік денсаулығы шешілмеген өзекті медициналық-әлеуметтік мәселелеге айналып отыр.

Репродуктивтік денсаулықты сақтау медициналық-санитарлық қызмет көрсету саласының ғана қызметтік деп есептеуге болмайды. Алайда бұл жұмыс денсаулық сақтау саласының ең маңызды бір тармағы ретінде барынша жетілдіру үстінде деуге болады.

Ал репродуктивті денсаулықты қорғау мәселесі Республика тұрғындарының популяциялық және жекелей денсаулық көрсеткіштерінде дұрыс бағыттарға қол жеткізу, олардың арасында аурудың асқынуынан ерте жастан мүгедек немесе өлім болу оқиғаларын барынша төмендету деп көрсетілген. Мемлекеттің «2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау стратегиясы» да репродуктивтік денсаулықты күшейтудің бір жолы ретінде мектеп жасындағы қыздарға көрсетілетін медициналық көмек сапасын арттыру деп есептеген. Жалпы озық денсаулық сақтау саласы қызметкерлері репродуктивтік денсаулықты «Отбасында репродуктивтік жүйенің барлық қызметтері мен үрдістерін қамтитын, сонымен қатар үйлесімді психосексуалдық қарым-қатынас пен ұрпақ өрбіту мәселелеріне қатысты толық физикалық, психикалық және әлеуметтік ырыс-берекесінің қалыптасқан жағдайы» деп есептейді. Сонымен мектеп жасындағы қыздардың репродуктивтік денсаулығын жақсарту арқылы дүниеге денсаулығы дұрыс ұрпақтардың келуіне жол ашу денсаулық саласының өте маңызды міндеттерінің бірі екендігі түсінікті [3].

Мектеп жасындағы қыздардың Репродуктивтік денсаулығын жақсарту, денсаулық бұзылыстарның алдын алу, оның ішінде, ем жасау сауықтыру және профилактикалық көмек көрсету шараларын қамтамасыз ету жұмыстарына бағытталған бағдарламаларынан тұрады. Мектеп жасындағы қыздардың Репродуктивтік денсаулығын сақтауға бағытталған кез-келген бағдарлама жергілікті және ұлттық деңгейде қолданылатын тәсілдермен жүргізіледі, оған көптеген мекемелер, секторлар және тұрғындар топтары тарапынан қолдауын тапқан ұлттық деңгейдегі үйлестірілген және жүйелі қолдау көрсетілуін талап етеді [4,5].

Біздің республикада мектеп жасындағы қыздардың репродуктивті денсаулығын сақтау саласын одан ары дамыту мәселесі дұрыс жолға қойылған.

Алайда Республикамыздағы мектеп жасындағы қыздардың репродуктивтік денсаулығы жылдан-жылға нашарлау үстінде екендігі байқалады. Сондықтан осы әлеуметтік топтың репродуктивтік денсаулығын сақтаудың тиімді саясатын жасау қажеттілігі туындап отыр.

Қыздардың Репродуктивті денсаулығының төмен деңгейде сақталуы Республикада бүгінгі күнге дейін бала тууды реттеудің контрацепциялық тәсілдерінің бірі ретінде қолданылып келе жатқан жасанды түсік тастаудың жоғары деңгейінің сақталуымен байланысты болып отыр. Түсік тастау мектеп жасындағы қыздардың репродукциялық жүйесіндегі патологиялық бұзылыстарының асқынуына алып келеді және аналар өлімінің жоғары болып қалыптасуының негізгі себепкердің ең бастысы деп қарастыруға болады [6,7].

Әлеуметтік-демографиялық дағдарыс денсаулық саласына, соның ішінде репродуктивтік денсаулықты қорғау саласына ықпалын тигізбей қоймайтындығы белгілі. Қаржылық қорлардың күрт азаюы және біртіндеп жеке меншікті медицинаға өту денсаулық сақтау саласының барлық қызметін қайта құруды талап етіп отыр деуге болады.

Мектеп жасындағы қыздардың Репродуктивті денсаулығын сақтаудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру барысында бірқатар қиындықтарды жеңу қажеттігі туындап отыр. олардың бірі мекемелердің материалдық-техникалық базасының төмендігі нәтижесінен туындап отыр деуге болады. Алайда репродуктивтік денсаулықты сақтау саласындағы кез-келген алға қарай жылжу өте қымбат техниканы және осы салаға білікті мамандарды тартуды талап етеді дегенді білдірмейді. Денсаулық сақтау саласында үшін шығынды барынша аз қажет ететін, бірақ жоғары нәтижелерге қол жеткізуге жол ашатын Репродуктивтік технологияларды ендіру өзекті мәселеге айналып отырғандығын атап өтпеуге болмайды [8].

Еліміздегі денсаулық сақтау саласында инновациялық технологияларды ендіру механизмі жетілдірілу, репродуктивтік денсаулықты сақтау жүйесін басқарудың бірыңғай тұжырымдамасын жасау ғылыми тұрғыда негізделген ұйымдастырушылық-экономикалық жүйені құру жұмыстары қолға алынауда.

Зерттеу мақсаты:

Мектеп жасындағы қыздардың репродуктивтік денсаулығын сақтауды ұйымдастыру мен басқару жүйесін жетілдіру ісін заманауи талаптарға сай ғылыми тұрғыда негіздеу.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін келесі **міндеттерді** іске асыру қажет:

1. Мектеп жасындағы қыздардың репродуктивтік денсаулығын сақтауды ұйымдастыруда анықталған мәселелерді сараптау және баға беру.

2. Мектеп жасындағы қыздардың репродуктивтік денсаулығы мен әлеуметтік-гигиеналық, медициналық-биологиялық, медициналық-ұйымдастырушылық және өзге қатерлі себептермен байланысын сандық және сапалық тұрғыда бағалау.

3. Қыздардың репродуктивтік денсаулығын қалыптастырудағы репродуктивті мінез құлықтың ролі мен орнын анықтау.

4. Мектеп жасындағы қыздардың репродуктивтік денсаулығын сақтауды басқару жүйесінде инновациялық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау қортындылары.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

Жүзеге асырылған ғылыми – зерттеу жұмыстарының нәтижесінде алғаш рет:

- Мектеп жасындағы қыздардың репродуктивтік денсаулығының медициналық-әлеуметтік сипаттамасы жасалады.

- Мектеп жасындағы қыздардың репродуктивтік денсаулығын әлеуметтік-гигиеналық және медициналық тұрғыда кешенді бағалау арқылы, оның қалыптасу ерекшеліктерін бағаланды.

Ғылыми-практикалық маңыздылығы

Мектеп жасындағы қыздардың репродуктивтік денсаулығын сақтау мәселелерін жүйелі талдау негізінде осы саланы басқарудың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері сарапталады.

Мектеп жасындағы қыздардың Репродуктивтік денсаулығын сақтау саласының өзекті мәселелерін зерттеу барысында алынған нәтижелер ОҚММФА денсаулық сақтау саласын ұйымдастырушы мамандарға арналған циклдарда және акушер-гинеколог дәрігерлерді дипломнан кейін даярлау семинарларында, денсаулықты нығайту орталықтарының және салауатты өмір салтын қалыптасытру орталықтары қызметкерлерінің білімін арттыруға арналған семинарларда қолданылуда.

Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар

1. Мектеп жасындағы қыздар арасында әлеуметтік-гигиеналық, медициналық-ұйымдастырушылық сипаттағы қатерлі себептер репродуктивтік денсаулықтың қалыптасуына басым әсерін тигізеді.

1. БАЛАЛЫҚ ЖАСТАҒЫ ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ РЕПРОДУКТИВТІК ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ӘДЕБИ ШОЛУ)

Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты денсаулыққа және репродуктивтік денсаулыққа байланысты қалыптасқан өзекті жалпы және тәрбиелік міндеттерді шешу. Көтерілген мәселелердің өзектілігі көптеген зерттеушілердің тақырыпқа деген қызығушылығын тудырды[9,10]. Тұрғындардың репродуктивтік денсаулығына байланысты мәселелерімен көптеген зерттеушілер айналысқан. Оның ішінде, жастардың репродуктивтік денсаулығыне қалыптастырудағы педагогикалық мәселелермен Мельничук И.А. айналысқан, ал Роженко О.В. болса жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу мәселерімен айналысқан, Гапличник Т.И. жастар мен жасөспірімдердің репродуктивтік жыныстық мінез – құлқын, себебін, қатынасын анықтаған. Біздің зерттеуіміздің басты мәні жастардың репродуктивтік денсаулығын қорғаудың қазіргі жағдайы болып табылады. Зерттеу объектісі - жас жігіттер мен 10 жастан 18 жасқа дейінгі қыздар деп қарастырылды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) анықтамасы бойынша денсаулық дегеніміз адамда аурулар мен физикалық ақаудың жоқтығы ғана емес, сонымен қатар толық физикалық, әлеуметтік, рухани салауаттылығы [11,12].

Сонымен бірге, «Денсаулық» ұғымы антропометриялық, клиникалық, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштердің шартты және объективті жиынтығы ғана емес, жастық және жыныстық себептер, климаттық және географиялық жағдай да кіреді.. Осы аталған ұғымдар – репродуктивті денсаулықты құрайды. Кайр қаласында 1994 жылы өткен Халықаралық конференция бағдарламасының сұрақтарына сәйкес репродуктивтік денсаулық - халықтың қоныстану мен дамуы, репродуктивті жүйенің аурулары, оның қызметі мен үдерістеріндегі бұзылысының жоқтығы ғана емес, сонымен қатар, физикалық және әлеуметтік әл- ауқатының жақсаруы болып табылады. Бұл қанағаттанарлық және қауіпсіз жыныстық қатынасты, өз еркімен жанұяны жоспарлау және дүниеге сәби әкелу қабілетін жаңғырту сұрақтарын білдіреді [13,14]. Заңға қайшы келмейтін әйелдер мен ерлерің қауіпсіз және тиімді, бағасына қол жетімді туулуды реттеу әдісінің қолайлылығын қарастыратын құқықтық мәліметке қолжетімділік. Дені сау нәрестенің туулуына оптималды жағдай жасайтын әйелге жүктілікті аман – есен өткізуді және босануға жағдай жасауды, денсаулық сақтау саласының қызметіне сай мүмкіншілікті бекітудің қолжетімділігі. Репродуктивті денсаулық түсінігіне, сондай – ақ, сексуалды денсаулық жағдайы адамға толыққанды жыныстық қатынасты сезіну және жүзеге асыру, одан қанағаттанарлық күй кешуі кіреді. Бұл феномен социологтарға, социалды – психологтарға, репродуктивті денсаулықты тәжірибеде толыққанды өткізетін соның объектісі империкалық, сол сияқты социалды теоретика және

социалды психологиялық зерттеулерге ерекше қызығушылықты танытады. Осы мәселені нақтылау барысында барлығын зерттей келе, сексуалды және репродуктивті тәртіпті оқшаулауға болады [15,16,17].

Осы байланыста ерекше қызығушылықты жастар мен жасөспірімдердің репродуктивті және сексуалды тәртіпке еруі, сол себепті жасөспірімдік жаста жасөспірімнің мінез – құлқы өзгереді, көпшілігінің денсаулығына және өмір сүру ұзақтығына әсер етеді. Қызығушылық тудыратын екі мәселе «сексуалдық» және «репродуктивтік» үрдістерін, олардың ұғымымен байланысты. Сол себепті қазіргі таңда халықтың репродуктивті денсаулығына медициналық қызметкерлер және психологтар, социологтар қызығушылық танытуда. Ерекше көзқараста қатты социалды детерминантты бар жасөспірімдердің сексуалдылығы қажет етеді. Жасөспірімдердің арасындағы сексуалдылық мәселелеріне неқұрайлы қарауға болмайды. Себебі, мәселе өте шынайы, кейде трагедиялық жағдайларға әкеліп соғады. Шектен тыс талқылау жасөспірімдерге байланысты, кейде мифтарға, ұятқа, қорқынышқа байланысты [18,19].

Әсер ету типіне байланысты репродуктивті денсаулық 2 – түрлі эффектігі бөлуге болады. Токсикалық репродуктивтік – ер мен әйелдің жыныстық функциясын және ұрықтың дамуын айтуға болады.

Эффективтіліктің бірінші белгісі – Ер мен әйелдің репродуктивті денсаулық мынандай өзгерісті формада көрінеді, ұрықтың жай дамуында, ұрықтанудың және лебиданың төмендеуі, сперматогенез бен минструалдық циклдың тұрақты бұзылуы, гинекологиялық аурулар, жүктілік кезеңінің бұзылуы, түсік қауіптілігі, өздігінен түсік тастау, алдын – ала туулудың қауіптілігі, жүктіліктің екінші кезеңінің асқынуы, босану және лактация, алдын – ала репродуктивтіліктің қартаюы және т.б [20].

Эффективтіліктің екінші белгісі – туулуға дейінгі және туулудан кейінгі қалыпты ұрықтанудың бұзылуы, ұрықтануға дейінгі ата – ананың қайсысына бір жағымсыз әсер немесе ұрықтың дамуына пренатальды немесе постнатальды кезеңінің шартты түрі жатады. Бұларға өлі туулар, туа біткен пайда болған жүрек ақаулары, мормагенетикалық даму ақауы, нәрестенің үлкен және кіші салмағы, нәрестенің пропорциясының бұзылысы жатады. Репродуктивті денсаулық деңгейінің әртүрлі көрсеткіштерінің өзгеруі, сыртқы ортаның ластануының әсері физикалық цикл бойынша қарастырғанда нәрестені ұырықтандырудың болмауынан бастап, нәрестелердің денсаулық жағдайының бұзылуымен аяқтаймыз [21].

Сәбилердің репродуктивтілік денсаулығының жағымсыз өзгеруі - ата – анаға қоршаған ортаның ластану әсері және ұрықтың ерте жетілуі. Репродуктивті жүйе абалалар мен жасөспірімдер арасында қоршаған ортаның әртүрлі факторларына жоғары сезімталдылықпен әсер етеді. Балалар мен жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығының бұзылыс қауіпі ағзаның дамуы мен критикалық өсу кезеңінің және толыққанды бала туушылық қабілетінің жоғарылауы. Патогенездің қалыптасу бұзылысының функциясы күрделі. Қоршаған орта халықтың репродуктивті денсаулығына әсерін

тигізеді, сыртқы ортаның жағымсыз факторларына репродуктивтік жүйе өте сезімтал болып келеді. Дәрігер Ревич В.А. тұжырымы бойынша – спецификалық, спецификалық емес және конституциялық факторлар репродуктивті жүйеге экологиялық патологиялық тәуелділік қалыптастыруға әсерін тигізеді. Бұл бұзылыстар клиникалық, патофизиологиялық, иммунологиялық, биохимиялық өзгерістер түрінде көрінеді, қоршаған ортаның әртүрлі бірдей нәтижемен көрінеді [22,23,24].

Репродуктивті денсаулықтағы өзгерістерінің туындауы - фертильділіктің төмендеу формасымен көрінеді, яғни олар баланың ұрықтану қабілетімен, бедеулік жұптардың санның көбеюімен, патологиялық жүктілік пен босанудың жиіленуінен, минструальдық функцияның жиі бұзылысының жоғарылауымен және жыныстық ағзалардың спецификалық емес созылмалы қабыну ауруларымен (ұрықтың жағдайының нашарлауы мен өлі ұрықтың дамуы), гипотрофия салдарымен, гипоксия, жүрек ақауының дамуы, нәрестенің денсаулығының сапасының төмендігімен, мүгедек балалардың санының артуымен. Соңғы жылдары экологиялық репродуктология қарқынды дамуда. Фундаментальдық жағдайдың бірі – репродуктивтік жүйенің ерлер мен әйелдердің сыртқы факторлардың әртүрлі жағдайларына сезімталдылықтың қарқынды жоғарылауы болып табылады [25,26].

Репродуктивті денсаулықтың нашарлануы түрлі мәселелерге байланысты. Әйелдердің репродуктивті денсаулығына әсер ететін түрлі факторлар дәлелденген, олар 2 топқа бөлінеді:

1) Экзогенді факторлар – экологиялық – электромагниттік өріс, иондаушы сәулелер, жоғары температура. Осыға ұқсас мақала: «Өзбекстандағы әйелдердің репродуктивті денсаулығын бағалау көрсеткіштері – химиялық – алкоголь, некотин, наркотиктер, өнеркәсіп және тұрмыстық улар, дәрілік препараттар, биологиялық экология»

2) Эндогенді факторлар – горманальдық, метаболикалық Экологиялық мәселе. Әйелдердің репродуктивті денсаулығының ең маңызды қауіптілігі өндіріс орындарының және транспорттардан бөлінген қалдықтардың нәтижесінен атмосфераның жоғары деңгейде ластануы. Радиацияның аз дозасының ұзақ уақыт әсері репродуктивті жүйедегі жыныстық ұлпалардың бұзылысына ғана емес, репродуктивті жүйеге тікелей әсер етеді, сонымен қатар, нервтік және эндокриндік жүйеге жанама әсер тигізеді. Репродуктивті денсаулықтың бұзылысы ұрықтан баланың дамуы төмендейді және бедеулі жұптардың санның көбеюі артады, жүктілік пен босану патологиялары жиілейді, менуструальдық қызметтің бұзылысы мен жыныстық ағзалардың созылмалы қабыну ауруы жиі кездеседі, ұрықтың жағдайының төмендеуі (ұрық өлімі) алып келеді, гипертрофияға ұласады, гипоксия, дамудың ақауы, жаңа туылған сәбилердің денсаулығының нашарлауы байқалады, мүгедек сәбилердің көбеюіне алып келеді [27,28,29].

Жеткіліксіз тамақтану. Репродуктивті денсаулыққа әсерін тигізетін тағы бір жайт – дұрыс тамақтану. Ұрықтану кезінде ағзадағы тағамдық заттардың жеткіліксіздігін толықтырып, ден ұзындығы мен массасын қалыпқа

келтіру репродуктивті денсаулықтың жақсаруына алып келеді. Қазіргі заманның қыздарының дененің «стандартты» физикалық жағдайы нервтік анерексияның дамуына алып келуде [30,31].

Сонымен қатар, әйелдердің минструальдық және бала туушылдық қабілетінің бұзылысына алып келеді. Өсімдік текті азық – түлік құрамында фитоэстрогенді заттар (күнбағыс және жүгері майы, пияз, қызылша, капуста) гонодотропты бірігу, репродуктивті қызметке әсер ететін, лактацияның ұрықтану үрдісі. Жүктілікке дейінгі белоктік жетіспеушілік ағза массасының төмендеуіне және жүктілік кезінде ерте кезеңдік босану қауіпін, ұрықта туа біткен аномалияның дамуына, туылған сәбидің дене массасының төмен болуына, анадағы сүттің құрамының сапасы мен санының азаюына алып келеді. Майлар және май қышқылдары аналық жыныс безінің қызметіне әсер ететін А, Е витаминдерінің түзілуіне, жүктіліктің физиологиялық өту ағынына және ұрықтың миының дамуына әсер етеді. Ағзадағы лецитиннің аз мөлшері аналық жыныс безінің қызметінің нашарлауына әкеп соғады [32,33,34].

Түсік. 21ғ.басында дүние жүзінде 70 млн. Түсік тастау жүргізілген. Ресей дүние жүзі б-ша түсік тастаудан алдыңғы орында,1000 сәбиге шаққанда 1022 түсік тастау. Ресейде 1,6 млн. Түсік, солардын ішінде 20% - 18 жасқа дейінгі қыздар. Ресейде әрбір 3/1 әйел түсік тастайды. Туу қабілетті жастағы әйелдің 10% жылына 1 рет түсік тастайды ж/е 60% әйел бірінші жүктілігін үзеді. Ресейде 100 нәрестеге шаққанда орта есеппен 49,7 түсік тастау жүргізіледі. Бірінші рет дүние жүзі бойынша 2013 жылы түсік саны 1 млн. жетті, оған қарамастан әрбір әйел 2-рет кем дегенде аборт жасатады екен. «5 жыл ішінде түсік саны 24% төмендеді, бірақ млн. жуық әйел жүкті болудан айырылады. Бұл дүниежүзілік «Мать и дети» атты ғылыми форум бойынша жіңішке ж/е сезімтал сфера болады ж/е басты медициналық мәселе болып табылады. 2011-2013ж.ж. Твери қаласының перзентханасын зерттей отырып, жүктілікті үзуді зерттедік. Зерттей келе, мына нәтижеге қол жекіздік. 2011 жылы жүктілікті 1381 әйел, 2012 жылы 1357, 2013жылы 1300 әйел үзді. Олардын ішінде 2011 - 145, 2012 - 139, 2013 - 104 әйел бірінші жүктілігін үзді. 15-17 жас аралығындағы жүктілікті үзу 2,7% - дан 1,6% құрады. Бір жағымды жайт босану санының өскендігі байқалады. 2010ж - 14553, 2011ж -14775,2012ж - 15408. 2013 жылы 2012 жылға қарағанда 655 бала артық дүниеге келді [35,36,37].

Төмен репротивті денсаулық. Мемлекет бойынша басты акушер-гинекологтың мәліметі бойынша Ресейде 10 млн. тұрғын бедеу. Қазіргі таңда Ресейде 78 млн. әйел 15 – тен 49 жас аралығында, 39,1 млн. солардын ішінде 6 млн. бедеулікке ұшырағандар. Твер облысында орта есеппен алғанда 25-30% жанұяда жүктілік мәселесі бар. Репродуктивті денсаулық жастағы ерлер арасында үлкен адам бедеулікпен азп шегеді. Дәлел бойынша 100 бедеу жұптардын 40-46% ер адамның бедеулігінің есебінен сәби сүйе алмайды. Ерлердің бедеулігі жыныстық жолмен берілетін инфекцияларға, сонымен қатар АИТВ-ң әсері , ерлердің репродутивті денсаулығына әсерін тигізетін

сырқы ортаның зиянды факторлары, зиянды әдеттері мен жұмыс жасау жағдайы [38,39,40].

2012 ж. Алғына қарай Ресейде 260 млн. әйел АИТВ инфекциясымен тіркелген. 2012 ж. ерлер мен әйелдер арақатынасы 1:1 қатынасын құрады, жыныстық жолмен жұқтырғандар 50% құрады. Твер облысы бойынша 31.12.10 ж. АИТВ инфекциясымен ауыратын әйелдер 1226 сәби дүниеге әкелі, сонын ішінде АИТВ инфекциясы бар 106 сәби дүниеге келді. Антиретровирусты терапияны қажет ететін барлық сәбилер ем алуда. 01.04.2011 ж. Твер облысы бойынша АИТВ инфекциясымен ауыратын әйелдерден 1277 сәби дүниеге келді, соның 110 сәбиде АИТВ инфекциясы байқалды. Соңғы тексеріс бойынша 10.02.2014 ж. 10117 сәби дүниеге келсе, соның ішінде 143 сәби ауруға шалдыққан. Осы мәліметтерге сүйенсек әйелдер денсаулық жағдайына тойтарыс беріп, өз өмірлерін және сәбилерінің болашағын қатерге тіккен. Осы әйелдердің денсаулығына қатерлі ісіктер, яғни сүт безі рагы мен жатыр - мойын рагы қауіп төндіреді. ВПЧ-ға қарсы жасалған вакцина қазіргі таңда қыздар мен жасөспірімдерге жасалуда. Репродуктивті денсаулықты сақтау үшін ИППП жайында мағлұмат беру, түсіктің профилактикасы халық арасында санитарлық жағдай ретінде кең таралуы, балалар мен жасөспірімдердің гигиенаға және адамгершілікке тәрбиелеу [41,42,43]. Твер облысындағы оқу орнында қыздар мен жасөспірімдер арасында жасалған сұрақ – алу нәтижесі бойынша барлығы – 370 қыз, орта жастары 17 – 19. Анкета жүргізу барысында 25 қыз (77%) жыныстық қатынасқа түсетіндігі анықталды. Қазіргі таңда ерте жастан жыныстық қатынасқа түсу ерте жүктіліктің болуына алып келеді, сол себепті жасөспірімдердің жүктілігі өзекті мәселе болып табылады. 30 қыз (9%) жүктілікті жасанды жолмен үзгендігі анықталды. Айта кететін жағдай қыздардың көбі жыныстық өмірдің гигиеналық мәліметін 38% ата – анадан, 46% мектептен, 10% сырқы ортадан алады. Зерттеу жасаудың нәтижесінен шығатын нәтиже ақпараттық – білім беру акциялардың систематикалық тәртібі жоғары сынып оқушылары мен студенттерге, жастарға ерте жастан толық, уақытылы ақпарат, түсінікті мәлімет алу, контрацепциялық заттарды дұрыс пайдалануға мәліметтер беруге мүмкіндік береді [44,45,46].

Біз Твер медициналық колледжінде акушерлік – гинекология пәндерінің өткізілуіне басты назар аударамыз. Репродуктивті денсаулықтың бұзылысына әкелуіне, әртүрлі бұзылыстарды ерте анықтау және алдын – алуға, профилактикалық іс – шаралардың концептуальдық басты дамуына әйелдер жауапкершілікті болу керек. Ең басты назар жасөспірімдердің денсаулық жағдайында болу керек, жасөспірімдердің гигиеналық және адамгершілік тәртіптің туындауы мен білім алуына және жаңа бағытты ұсыну, дұрыс өмір сүру салтын қалыптастыру, жігіттер мен қыздардың денсаулығын күшейту үшін денсаулық жайында білім беретін ғимараттарды қолдану керек [47,48,49].

Репродуктивті денсаулықты сақтау үшін мынандай насихаттау жұмыстарын жүргізу керек.

1. Қажетсіз жүктілікті болдырмас үшін қауіпсіз және эффектілі сақтану. Бірінші рет жыныстық қатынасқа түсіп жатқан қызға ең алдымен сақтау контрацепциясының әсері жайында дәрігерден кеңес алу.
2. Жыныстық жолмен жұғатын аурулардың алдын – алу және уақытылы емдеу [50].
3. Түсік жасауды ескерту
4. Мамандардан жыныстық ағзалардың созылмалы ауруларынан уақыты және дұрыс ем алу.
5. Жүктілік болмай тұрып эрозияны емдеу.
6. Партнерлерге жүктілікті мұқият жоспарлау
7. Болашақ ата – ананың дұрыс өмір сүру салты
8. Әйелдер мен қыздарда жеке бас гигиенасын дұрыс сақтау.
9. Баланың ата – анаға иммунды жүйені бекітетін профилактикалық шаралар жүргізу.
10. Дұрыс, үйлесімді тамақтану.
11. Дені сау отбасы жайында мәліметтерді жоғары сапалы ұсыну. 1
12. Ерлерге әйелдердің денсаулығын қорғау және балалардың тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауды жоғарлату.

Мемлекет балалар, аналар және жастардың құқықтарын қорғауға қызығушылық танытуға мүдделі.

Біз ойлаймыз мемлекеттік саясат мынандай бағыттарда эффектілі жұмыс жүргізу мен қызмет көрсету керек деп: жастарға және көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету, отбасыларды социалдық, құқықтық, экономикалық қорғау, оның жан – жақты дамуын қамтамасыздандыру, сонымен қатар, туулуды жоғарлату, толық емес отбасылардың төмен кірісіне социалды көмек көрсету ата – анасының қарауынсыз қалған балаларға социалды көмек, жастар мен балаларға жан – жақты интеллектуалдық, рухани, физикалық дамуды қамтамасыздандыру [51,52,53].

Осы шарттардың орындалу барысында мемлекет мықты, табысты және демографиялық жағдайының оң нәтижеге, әйелдер мен ерлердің репродуктивті денсаулығын сақтауға болады [54].

Мемлекеттегі 20 жылдан бері жасалып жатқан экономикалық және социалдық реформалар тұрғындардың репродуктивтік жағдайдың өзгеруіне алып келуде. Туулу көрсеткішінің жоғарлауы, өлім көрсеткішінің төмендеуі, қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығы мен денсаулығының жоғарылауы, жанұялық отбасылардың доғарылауы жоғары көрсеткішті көрсетеді. Зерттеудің нәтижесіне сүйенсек қазақстандықтардың репродуктивті жағдайы жақсаруда [55,56].

Ресейдегі 2001 жылғы демографиялық болжам бойынша 50 жылға жуық тұрғын саны 16,7 млн адамға төмендейді. Зерттеудің нәтижесінде ресей халқының репродуктивті денсаулығының төмендеуіне алып келеді.

Мектеп бітіруші жасөспірімдердің көбі жыныстық созылмалы ауруға ұшыраған және репродуктивті қызметі төмендеген. Ерте жыныстық қатынасқа түсу жасанды түсіктің көбеюіне және жасөспірімдердің жыныстық ағзаларының инфекциясының жоғарлауына әкеледі. Жасөспірімдердің мамандандырылған медицинаға аз қаралуы жыныстық ағзалардың созылмалы қабыну ауруларына, әйел мен ердің бедеу болуына, жүктіліктің және босанудың ауыр өтуіне алып келеді [57,58,59]. Мектеп бітірушілер мен өз еркімен жаңа өмір бастау сатысында эмоционалдық және физикалық қиыншылықтар болады. Кейбір жастар орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында материалдық жеткіліксіздік және жоғары қажеттілікпен оқуын жалғастырады. Репродуктивті денсаулықты қорғау жүйесі барлық жағдайда жастардың репродуктивті құқығын қорғай алмайды [60,61,62,63].

Ғылыми мәліметтердің аздығынан аурулардың таралуы, репродуктивті қызметтің шектелуі, жастар ұжымында сексуалдық және репродуктивтілік ерекшелік байқалады. Зерттеуге орта және жоғары оқу орын студенттері алынды. Студенттер жас аралығы бойынша зерттелуі мынандай: 15 – 17 жас; 18 – 20 жас; 21 – 24 жас. Студенттер мен жасөспірімдер арасындағы 3 жылдық зерттеу бойынша репродуктивті жүйенің аурушандығы жоғарылағаны байқалады. Кіші топтарда менструалдық дисфункция, сүт безінің қатерсіз дисплазиясы, жатыр – мойынның эрозиялық өзгерістері байқалады [64,65,66]. Ал жоғары топтарда нейрогенді – докриндік бұзылыстар, эндометриоз, әйелдік бедеулік тіркелді. Репродуктивті қызметті зерттеуде жасөспірімдердің 100 адамнан орта есеппен жүктілік жағдайы – 7 жағдай, ал 18 – 20 жас аралығында 15 жағдай, 21 – 24 жас аралығында 19 жағдай орын алды [67,68,69]. Студенттердің жоспарсыз жүктілігі әртүрлі аурушандықтың пайда болуына, жасанды түсік тастауға алып келеді. Зерттеудің нәтижесінде репродуктивті қызметті көптеген студенттерде шектелген болып табылады. Репродуктивті денсаулықтың жоғары бұзылысы жасөспірімдерде жоғары деңгейде кездеседі, жоғары созылмалы экстрагениталды – гинекологиялық патологиялар, түсіктердің төмендеуі [70,71,72,73].

Әйелдер бедеулігіне, жүктіліктің және босанудың қиындауына, нәрестелердің денсаулығының сапасының төмендеуіне алып келеді. Зерттей келе 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер ерте кезеңдік жыныстық қатынасқа түседі. Сұрақ алу барысында жастардың көбі сексуалдық қарым-қатынас формасы азаматтық некені, некесіз және кездейсоқ сексті қалайды [74,75]. Студенттер арасында сексуалдық және репродуктивті тәртіп орнатылған. Сұрақ алу барысында сексуалдық активті контингент 64,4% құрайды, соның ішінде некеде тұрғандар 6,4%, жыныстық қатынасқа түседі, бірақ некесіз – 30,1%, 30,1%, - әртүрлі партнерлермен қарым-қатынасқа түсетіндер [76,77,78,79].

Ең алғашқы жыныстық қатынасқа түскенде көбінесе жоспарсыз және сирек жағдайда некелі болады.

Сұрақ-жауап алу барысында бірінші рет жыныстық қатынасқа түсу көп жағдайда жақсы танымайтын жігітпен немесе алкогольдік мастықта болу жағдайда жиі кездеседі. Осындай мінездемеге сай студенттік жастағы жасөспірімдер арасында жиі кездеседі [80,81,82,83,84,85]. Зерттеу барысында студенттер арасында балалы болу медико – демографиялық мәселесі болып табылады [86,87,88,89].

Сауалнамаға жауап берушілердің көбі ерте репродуктивті жаста жанұя құру мен баланы дүниеге әкелудің маңыздылығын түсінеді, турмыс құрудың идеалды уақыты – 20 – 24 жас, бірінші баланы дүниеге әкелу уақыты - 23 – 24 жас. Бірақ шындығына келе репродуктивті және жанұялық жоспарды кейінгі ысырады. Сонымен тұрмыс құрмаған студенттер – 92%, балалары барлар - 4,2%. Отбасында бір – екі бала болғанын қалайтындар -85,0%, бірақ тууды жоспарлайтындар - 47,2%, 6,3% - репродуктивті жоспар құрмайтындар, қалғандары бір бала тууды жоспарлайтындар [90,91,92,93].

Анкета жазғандардың 10-шы бөлігі баланың некесіз отбасында тәрбиеленуіне бел буған. Репродуктивтік жоспардың жүргізе асуына студенттер материалдық жағдай, нашар тұрмыстық жағдай, өмірлік жардың болмауы мен денсаулықтың төмен деңгейі маңызды шектеу болып табылады деп ойлайды. Студенттер арасында репродуктивтілік орнатылуы зерттеу нәтижесінде бала туудың жастық параметріне социализацияның жасанды пролангирленген үрдісі жақсы әсер етеді, ал отбасына балалық параметріне негізінен қиын экономикалық жағдай және болашақ ананың денсаулық жағдайы әсер етеді [94,95,96]. Студенттердің контрацептивтік тәртібіне зерттеу жүргізу барысында жүктілікті болдырмау үшін контрацепциялар төмен деңгейде екенін көрсетті. Жыныстық жолмен өмір сүретін қыздардың көбісі контрацепциясы қолданады (93,1%), Бірақ көбіне әсері төмен және ескі әдісті, онысына қарамастан күнделікті емес. Контрацепция қолданбайтын сирек қорғанатын студенттер саны 15 – 7 жас аралығында 14,3 % және 24,5 % басқалар құрайды [97,98,99]. Әдетте табиға сақтану әдістері жиі қолданылады – 49,5%, оның ішінде үзілген жыныстық қатынас, жыныстық қатынастан кейінгі контрацепция табиғи ерітінділермен бүркіп жуу және күнтізбелік әдіс қолданылады. Сонымен қатар, барьерлік әдісте жиі қолданылады (42,5%). Заманауи гормональды контрацепция әдіс (23,7%) және жатыр ішілік құралдар (12,3%) аз мөлшерде қолданылады [100,101,102,104].

Барьерлік әдісті контрацепцияны пайдалану зерттеуге алынған контингенті арасында жыныстық инфекциялардан сақтану жеткіліксіз, жасөспірімдер тобында өте төмен (40,2%), соның 3/2 тұрақсыз және тәртіпсіз сексуалдық қарым – қатынасқа түсетін қыздар болып табылады. Ирроционалды контрацептивті тәртіп үйлесімсіз контрацепция әдістерінің қолданылуына (мысалы: гормоналды физиологиялықпен бірге), контрацепциялық сұрақ барысында мәліметтің толық жеткіліксіздігімен тең келеді [105,106,107,108]. Архаитикалық және әсері төмен әдістің заманауи әдістердің орнына қолданылуы, бірақ қымбат (гормоналды препараттар),

көбінесе материалдық жағдайында шектеу болуға байланысты. Жыныстық тәртіптің төмендігі мен төменгі контрацепциялық активтілік жоспарсыз жүктілік пен жоғары ИППП аурушаңдығына алып келеді [109,110,111,112].

Сұрақ – жауап нәтижесі бойынша сексуалдық белсенділіктің контингенттің жартысы әртүрлі жыныстық инфекциялық ауруларға әкеп соғады, соның ішінде негізінен сырқаттамасында екі немесе оданда көп аурулар бар екенін дәлелдейді [113]. Анкета жазғандардың ішінде инфекциямен ауырғандар хламидоз, кондидоз, трахаманиоз және гонорея ауруын атап өтеді. Зерттелген контингенттердің акушерлік сырқаттамасы сексуалдық белсенділік саны әрбір төрт қыздың жүктілігіне, 16,1 % - 2 жүктілікке, 4,5 % - 3 жүктілікке негізделеді. Осыған орай көп жүктіліктер жоспарсыз 78,5 % жағдайлар жасанды түсікке, 7,2% - өздігінен түсікке, 14,3% - ғана туумен аяқталады. Бір медициналық түсікті бастан өткерген қыздар 22,4%, 2 – түсікке – 3,8% және 3 – түсікке - 2% құрайды [114,115,116,117].

Көбінесе қаржылық жағдайдың мәселесі, тұрақты партнердің (күйеудің) болмауы және оқуды жалғастырудың қажетті және профессиональдық өсудің салдары жүктілікті үзудің себебіне әкеледі. Жасанды түсікті жасатқанның арасында депрессияға ұшырап, 25,5% ешқандай эмоциональдық күйзелісті бастан өткізбейді, қайталанған жоспарсыз жүктіліктің жоғары тәуелділік тобына жатады [118,119,120]. Репродуктивті денсаулықты қорғау және отбасын жоспарлаудың негізгі сұрақтары студенттер арасында білімнің төмендігін көрсетеді. Жауап берушілердің көбісі түсіктің салдары, жыныстық инфекциялар, АИТВ-ң эпидемиологиясын және контрацепция әдісін үстірттің қарайды. Анкета жазушылардың көбі мағлұматты мағлұмат алушы құралдардан, құрбыларынан, таныстарынан, өзінің байқауынан біледі. Тек қана 4/1 бөлігі ғана лекциялық мағлұматтан, группалық оқудан, дәрігермен тұрақты әңгімелесуден мағлұмат алған [121,122,123,124]. Репродуктивті денсаулықты қорғауға және жанұяны жоспарлайтын мамандандырылған дәрігерлердің көмегіне студенттердің келу активтілігінің төмендігімен байқалады. Осы сұрақтарға жауап іздейтіндердің өздігінің білімсіздігі болып табылады. Бірақ негізгі себеп жағдайдың сай еместігі және контингенттің сұранысына қызмет көрсету сапасына студенттердің төмен деңгейде келуі [125,126,127,128]. Медициналық мекемені таңдауына мынандай талаптар жатады: Медициналық қызметті алуға аты – жөні көрсетпей алуында, конфиденциалды және жақсы жағдайда уақыт және материалдық құралдың шығынының төмендігімен мамандандырылған дәрігермен денсаулығына зиян келтіретін жағдайға байланысты [129,130,131,132,133].

Репродуктивті денсаулықты сұрақ барысында тәртіптік факторларының негативтілік зерттеледі, репродуктивті функцияға шектеу қойылғандығына мәліметтер деңгейі баға береді. Бірақ студенттердің медициналық белсенділік танытатындардың төмен деңгейлігіне, репродуктивті денсаулыққа зиян келтіретіндерге көңіл бөлмеуге болмайды.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде студенттердің репродуктивті потенциялына деген көзқарасы төмен. Оң репродуктивтіліктік орнатулардың жеткіліксіздігіне қарағанда денсаулықты қорғау, жанұяны жоспарлау сұрақтарының білімге сай еместігі, бұл ортадағы репродуктивтік болжауды жағымсыз деуге болады [134,135,136,137].

Репродуктивтік денсаулықтың және тәртіптің ерекшелік мәліметтен ала отырып, студенттердің мұқтаждықтары мен мәселелерін қарастыра отырып, біз стратегияны құрастыру және контингентті медико – социалды қамтамасыздандыру жүйесінің оптимизацияландыру және стратегиясын құруға кірістік [138,139,140,141]. Заманауи социалды экономикалық жағдайларға территориялық потенциалды демографиялық қайта жаңғыртуға бірнеше кезеңдер ұсынылды. Әртүрлі жасөспірімдер контингентінің комплекстік бағасы және мәліметтер мамандандырылған көмекке мұқтаждықты зерттеу; жасөспірімдердің репродуктивті құқығын нормативтік құқықпен қамтамасыз етумен құрастыру;

Кәсіби медициналық мекемедегі жасөспірімдердің репродуктивті денсаулықтың жүйесіне мониторинг жүйесін енгізу; жасөспірімдер медициналық орталығының проектісін құрастыру [142,143].

Жасөспірімдер репродуктивті денсаулығын қорғау мекемесін құру.

Репродуктивті денсаулықты қорғау сұрақтарына жастар мен жасөспірімдер медико–социалды көмекке жүгінгендерге анализ жасау барысында организациялық жетіспеушілік қатарды, науқастардың қаралуының төмендігі мен емдеу–профилактикалық іс–шаралардың эффективтілігін анықтауға жол ашты. Сонымен қатар бұл этапта мекемелердің сапасын бағалау және профилактикалық бөлім жұмыстарының ақаулығын заманға сайлығы анықталады.

